



БҰЙРЫҚ

А.А.Иманалиева
Павлодар қаласы

ПРИКАЗ

№ 1-03/101
город Павлодар

«Павлодар қаласының №116 сәбилер бақшасы» КМҚК өзін-өзі бағалауы туралы

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 5- бабы 9) тармақшасына, 5-бабы 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Оқу –ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» бұйрығына, Білім беру ұйымдарын өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар-Қазақстан Республикасы Білім министрінің 2022 жылғы 27 желтоқсандағы №12 бұйрығына, «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Павлодар облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті» мемлекеттік мекемесінің 2023 жылғы 9 қарашадағы №346 бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2023 жылғы 10 қарашада ««Павлодар қаласының №116 сәбилер бақшасы» КМҚК өзін-өзі бағалау» тақырыбы бойынша жоспардан тыс педагогикалық кеңесі өткізілсін.
2. 2023 жылғы 10 қарашадан 11 желтоқсан аралығында мектепке дейінгі ұйымның өзін-өзі бағалауы өткізілсін.
3. Мектепке дейінгі ұйымның өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі комиссия құрамы бекітілсін:
Комиссия төрайымы: Г.Б.Махметова - басшы м.а.;
Комиссия мүшелері: А.М.Иманалиева -әдіскер;
М.Б.-Асаинова медбике;
В.И.-Стинская тәрбиеші;
И.А.-Алишева бухгалтер.
4. Комиссия хатшысы болып С.Т.Абишева тағайындалсын.
5. Комиссия білім беру ұйымдарын бағалау критерийлеріне және білім беру ұйымдарын өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауын жүргізісін.
6. Комиссия мүшелері білім беру ұйымның өзін-өзі бағалауы бойынша есеп дайындасын:
1) А.М.Иманалиеваға - МЖМБС талаптарын орындау, педагогтердің құрамын, тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингілеу, заттық-кеңістіктік даму ортасын

000742

құру, инклюзивті білім беруді ұйымдастыру және ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды сүйемелдеу, көрсетілетін білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау үшін жеделхат каналында сауалнама жүргізу.

2) В.И.Стинскаяға - педагогикалық кадрлардың сапалық құрамы, тәрбиеленушілердің жетістіктерін бақылау.

3) М.Б.Асаиноваға – жасы бойынша тәрбиеленушілер контингенті туралы мәліметтер, оның ішінде ерекше білім беру қажеттілігі бар тәрбиеленушілер; тәрбиеленушілердің қозғалысы; мемлекеттік тапсырысты орналастыру.

4) И.А.Алишеваға- материалдық-техникалық база, негізгі құралдардың тізбесі.

7. Комиссия білім беру ұйымының өзін-өзі бағалау қорытындысын 2023 жылғы 11 желтоқсанда шығарсын.

8. 2023 жылғы 11 желтоқсанда білім беру ұйымының өзін-өзі бағалау қорытындысы бойынша педагогикалық кеңес өткізсін.

9. Білім беру ұйымының өзін –өзі бағалау қорытындысы бойынша құжаттарды дайындау жауапкершілігі әдіскер А.М.Иманалиева мен хатшы С.Т.Абишеваға жүктелсін.

10. Сәбилер бақшасы басшысының м.а. қамқоршылық кеңесінің отырысында өзін-өзі бағалау нәтижелерінің қорытындылары бойынша есеп берсін.

11. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

**«Павлодар қаласының
№116 сәбилер бақшасы» КМКК
басшы м.а.**



Г. Махметова

Бұйрықпен танысты:

А.М.Асаинова
А.М.Иманалиева
В.И.Стинская
И.А.Алишева
С.Т.Абишева